

II тур
11 - сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрежі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	Қайғылының ішінде жанар жалын, Шалмай қоймас жалыны жолдастарын. Өзімді ұрған мәнезді сөгемін деп, Тілім тисе сіздерге, кеш, достарым. Үзінді қай ақынның өлеңінен алынған? Бұл жерде қандай мәселе туралы айтылған?
2.	Қазақ әдебиеті	а) Әдебиет және фольклор. ә) Көркем әдебиет табиғаты.
3.	Қазақ тілі	1. Шешендік сөзге қойылатын талаптар. 2. Қазақтың ұлттық шешендік өнерінің дамуы 3. Шешендік сөздің сазы. 4. Академиялық шешендік сөз. 5. Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік сөз.
4.	Қазақ тілі	Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз. <i>Сырым жас кезінде Есентемір Бөкен биге батасын алайын деп және ақыл сұрайын деп ат, шапан алып барады. Барып қонақ болғаннан кейін Бөкен Сырымнан келген жұмысын сұрайды. Сонда Сырым:</i> <i>– Менің сізге келген жұмысым – біріншіден, сіздің батаңызды алайын деп келдім, екіншіден, ақыл сұрайын деп келдім, – дейді. Сонда Бөкен: «Саған батамды берейін, сен жас болғанмен елге бас болғандай екенсің», – деп бата береді:</i> <i>Арқаң қара нардай жауыр болсын, Мінезің қара жердей ауыр болсын. Өкпең жоқ – бауыр болсын, Құлағыңнан сыбыр кетпесін, Жасың алпысқа жетпесін, – дейді. Батасын бергеннен кейін:</i> <i>«Мен не десем де бәрінің де мағынасы бар, қалай түсіндің, өзіме айырып бер», – дейді Бөкен қарт.</i>

		<p><i>Сонда Сырым:</i></p> <p>– Арқаң көп мінгеннен жауыр болсын дегенің – халық үшін жұмыс жаса, халықты өзіңе ерте біл дегенің. Мінезің қара жерден ауыр болсын дегенің – беріден ойлама, әріден ойла, салмақты бол, жеңіл болма дегенің. Өкпең жоқ бауыр болсын дегенің – не болса соған өкпелеп, инені жіпке тізіп өкпешіл болма дегенің. Құлағыңнан сыбыр кетпесін дегенің – ел арасында дау-жанжал көп кездеседі, сол мәселені өзің шешіп, ақ-қарасын айырып, дұрыс төресін бере біл дегенің. Жасың алпысқа жетпесін деген батаңызға мен түсіне алмадым, – депті.</p> <p><i>Сонда Бөкен қарт Сырымға:</i></p> <p>– Мен сенен құдайдың берген жасын қызғанам ба, жүз алпысқа кел. Менің жасым сексен төртке келді. Алты бәлеге тап болдым. Мен сені сол алты бәледен аулақ болсын деп едім. Ол мыналар: үлкен үйге кіре алмадым, кіші үйге сия алмадым. Қара сақалды әкем болды, қара шашты шешем болды. Ауру келді, кәрілік жеңді, – міне, алты бәле деген осы, - деген екен.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтін шешендіктің қай түріне жатады? 2. Сырым туралы нақты деректер келтіріңіз. 3. Бөкен қарттың «Жасың алпысқа жетпесін» дегенін өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.
5.	Тіл мәдениеті	Сөздің дәлдігі – ойдың айқындылығы

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут